

Тауар таңбасын тіркеуге өтінімдерді қарау ережесі

Қазақстан Республикасы Қазпатенттің Тәрағасы 1996 жылғы 8 қазандағы N 960. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 мамырда 297 тіркелді

К і р і с п е

Тауар таңбасын тіркеуге өтінімдерді қараудың осы Ережесі (бұдан әрі 2 Ереже) Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауар шыққан жердің атауы туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Патент ведомствосы қабылдаған нормативтік құжаттар мен әдістемелік материалдарға сәйкес құрастырылған. Осы Ережені жасау кезінде тауар таңбалары бойынша зандарды үйлестірудің замана үрдістері ескерілді, сондай-ақ сараптама процесінде автоматтандырылған іздестіру жүйесі пайдаланылды.

Қысқарту тізбесі

Заң - Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауар шыққан жердің атауы туралы" Заңы

Қазпатент - Патент ведомствосы

1 Ереже - Тауар таңбасын тіркеуге өтінім құрастыру және беру Ережесі

2 Ереже - Тауар таңбасын тіркеуге өтінімдерді қарау Ережесі

Тауар таңбасы - Тауар таңбасы және/немесе қызмет көрсету белгісі

Тауарлар - Тауарлар және/немесе қызмет көрсету

ТКХЖ - Тауарлар және қызмет көрсетудің халықаралық жіктелуі (Ниццалық ж і к т е л у)

Париж конвенциясы - Өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясы

1. Өтінім қабылдау

Қазпатентке құрастырылған және берілген өтінімге 1 Ережеге сәйкес нөмір беріледі әрі оның түскен уақыты көрсетіледі.

Тасқа басылған өтінімдер ғана қарауға қабылданады.

Тиісті нөмірі мен берілген уақыты көрсетілген, қазақ немесе орыс тілдерінде Қазпатент қабылдап алуға қажетті де жеткілікті құжат деп табылуы үшін өтінім нысанында:

- өтініш берушінің толық ресми атауы (аты-жөні);
- өтініш берушінің толық адресі;

- 1 Ереженің 2.3 т сәйкес тіркеуге өтінім берілген белгісі;

- қорғау талап етілетін тауарлар және/немесе қызмет көрсету тізімі (ең аз дегендеге - бір тауар немесе бір қызмет көрсетудің атауы);

- 1 Ереженің 3 т. сәйкес қолдары болуға тиісті.

Көрсетілген мәліметтердің бірі болмаған жағдайда өтінім берілмеген болып саналады, оның материалдары кері қайтарылады.

Тіркелген өтінім кері қайтаруға жатпайды.

Өтінім берушіге немесе оның өкіліне өтінім материалдарының қабылданғаны тұралы қолхат беріледі.

Қаралуға қабылданған өтінім сараптама түседі. Ол Заңның 10 бабына, осы Ережеге және тауар таңбалары саласындағы халықаралық келісімдерге сәйкес екі кезеңмен: алдын ала сараптама және толық сараптама түрінде жүргізіледі.

2. Алдын ала сараптама

2.1. Міндеттері

Алдын ала сараптама өтінім материалдары мен мәліметтерінің жинақтылығын және 1 Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін айқындайды.

2.2. Мерзімі

Алдын ала сараптама өтінімдердің Қазпатентке түскен күнінен бастап 1 ай ішінде жүргізіледі. Өтінім берушіге сұрау салу жолданған жағдайда бұл мерзім тиісінше ұзартылады.

2.3. Шешім

Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша тауар таңбасы бөлімі өтінімді қарауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім шығарады. Өтінім берілген материалдарды толықтыру немесе анықтау әйтпесе жекелеген мәліметтерін өзгерту қажет болған жағдайларда өтінім берушіге сұрау салу жолданады.

2.3.1. Өтінімді қарауға қабылдау туралы шешім өтінімдер Заңның 6 бабында және 1 Ереженің 2т. келтірілген талаптарға толық сәйкес келген жағдайларда шығарылады.

Өтінім берушіге немесе оның өкілетті өкіліне белгіленген үлгідегі хабарлама (ФТЗ-2) жіберіледі, онда төмендегі мәліметтер келтіруге тиіс:

210 - өтінім нөмірі

220 - өтінімнің берілген уақыты

230 - көрмелік немесе басқадай басымдығы*

310 - басымдық өтінім нөмірі*

320 - басымдық өтінім уақыты*

330 - ЗМДҰ стандарты бойынша басымдық өтінім елінің коды*

511 - ТҚХЖ сыныптарын көрсету

540 - тауар таңбасын бейнелеу

591 - түрлі-түсті гамма*

554 - таңбаның ауқымды болып табылатынын көрсету*

551 - таңбаның ұжымдық болып табылатынын көрсету*

710 - өтінім берушінің атауы (аты-жөні)

<*> (Көрсеткіш тиісті жағдайларда келтіріледі)

2.3.2. Өтінім басымдығы Заңның 9 бабына сәйкес:

- осы Ереженің 1 т. көрсетілген материалдар мен мәліметтер Қазпатентке түсken уақыты бойынша немесе Ереженің 1 т. көрсетілген материалдар немесе мәліметтердің түскен уақытна қарай;

- Париж конвенциясына қатысушы елдердің бірінен алғашқы өтінім түскен уақыт бойынша; *

- Халықаралық көрмеде белгіленген тауар таңбасы ретінде өтінім берілген объектілерді көрсету уақыты бойынша<*> белгіленеді.

Конвенциялық немесе басқадай басымдық талап етілген жағдайда Париж конвенциясына қатысушы елге алғашқы өтінім берілген уақыттан бастап Париж конвенциясында белгіленген 6 айлық мерзім сақталған жағдайда сараптау процесінде белгіленеді немесе Халықаралық көрмеде ресми мойындалған алғашқы көрсетуде өтінім материалдарына одан бұрындары басымдығы құқығын дәлелдейтін қажетті құжаттар мен мәліметтер болғанда:

- бұрындары берілген өтінімнің расталған көшірмесі;*

- өтінімде айтылғанға сәйкес тауарларға тауар таңбаларын көрсету туралы Халықаралық көрмеде ресми мойындалғанын әкімшіліктің немесе ұйымдастыру комитетінің растауы; *

- Заңның 9 бабында белгіленген өтінім берілген күннен бастап 2 айлық мерзімнен кешіктірмей бұрынғы басымдығын айқындау туралы өтініш;

- Бұрындары берілген өтінімде келтірілген тауарлар тізімі мен қызмет көрсету белгілерінің өтінімдегімен сәйкес келуі;*

Озгертулер тізімнің азаю жағына қарай ғана болуы мүмкін.

- Халықаралық көрмеге ұсынылған тізімде көрсетілген тауарларға тауар таңбалануы, ал таңбаның өзінің тіркеуге берілген белгімен сәйкес келуі.

Әртүрлі сыныпты тауарларға қатысты көшпе басымдық тауарлардың түрлі сыныптары көрсетілген бір белгіге өтінім берілген жағдайда өтінім берушінің өтініші бойынша белгіледі.

Жекелеген өтінімдердің басымдығы алғашқы өтінім басымдығы уақыты бойынша белгіледі.

Тауар таңбасының басымдығы Қазақстанның халықаралық шарттарына сәйкес тауар таңбасын тіркеуге халықаралық басымдық уақыты бойынша белгіленеді.

Басымдығын белгілеу мақсатымен ұқсас тауарлардың бірдейлік белгілеріне тіркелуге өтінімдер бір мезгілде (бір күнде) түскені анықталған жағдайларда сараптама аманаттың почта мөрін зерттейді және олар бір-біріне ұқсас болған жағдайларда өтінім берушілерге үш айлық мерзім ішінде мәмілеге келуді ұсынады. Аталған мерзім ішінде

қол жеткен келісімді растайтын құжат түспеген жағдайда сараптама екі өтінімді де қайтарған болып санауға құқылы.

2.3.3. Өтінімдерді қарауға қабылдаудан бас тарту туралы шешім осы Ереженің 1 т. көрсетілген материалдық мәліметтер болмаған жағдайларда, сондай-ақ өтінімдер берілген күннен бастап екі ай мерзім ішінде Заңның 6 бабының 3 т. сәйкес өтінімдер мен қолхаттар бергені үшін баж төленгені құжатпен расталмаған жағдайларда шығарылады.

Өтінім берушіге шешімнің белгіленген нысандағы (ФТЗ-3) үлгісі жолданады және өтінімді белгіленген тәртіпке сәйкес рәсімдеуге ұсыныс жасалады.

Өтінімдерді қараудан бас тарту туралы шешімді осы Ереженің 1 т. көрсетілгеннен өзге құжаттар мен мәліметтердің болмауы себепті қабылдауға болмайды. Қалған барлық құжаттар мен мәліметтер алдын ала сараптама кезінде өтінім берушіден сұрау салу түрінде талап етіледі. Мұндай жағдайда алдын ала сараптама мерзімі тиісінше ұзартылады.

2.3.4. Сұрау салу өтінім берушіге алдын ала сараптама жасау кезінде Заңның 6 бабына, осы Ережеге сәйкес қойылатын талаптардың бұзылуы байқалған жағдайларда жіберіледі.

Сұрау салуға келесі талаптар енүі мүмкін:

- өтінімді барлық қажетті мәліметтерімен белгіленген нысанда тапсыру;
- өтінім берушінің барлық заңдық атауларын анықтау;
 - мемлекеттік тіркеу мәліметтерін көрсету;
 - өтінімдегі белгілердің жетіспейтін көшірмелерін жеткізу;
 - 1 Ереженің 2.3.т. талаптарына сәйкес бейнесін тапсыру;
- түрлі-түсті гамманы анықтау, егер оның көрсетілуі жоқ болса немесе белгіге сәйкес келмесе онысын көрсету;
- егер сөздік белгісі қазақ және орыс тілдерінен өзге тілде келтірілсе, аудармасын, сөз тіркесінің түсіндірмесін немесе транслитерациясын тапсыру;
- Егер соңғы қабылданған редакциясына сәйкес келмесе, келтірілген ТҚХЖ жіктелімін анықтау немесе өзгерту;
- егер олар дәл атаулармен тапсырылмаса немесе тым жалпылай терминдермен және түсініктермен келтірілсе тауарлар тізімін анықтау;
- баждың жетпеген сомасының төленгенін растайтын құжаттар, сондай-ақ жетіспеушілігі осы өтінім іс жүргізілуін жалғастыруды қындалатын және алдын ала сараптаманы аяқтауға кедергі келтіретін басқа да мәліметтер мен құжаттарды тапсыру.

2.3.5. Алдын ала сараптамаға сұрау салу жауабы Заңның 10 бабының 2т. сәйкес өтінім беруші оны алғаннан кейін 2 айдан кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Бұл мерзім өтінім берушінің сұрауы бойынша тиісті баждары төленген жағдайда 6 айлық мерзімге дейін үзартылуы мүмкін.

Жауабында толық мәліметтері және/немесе талап етілген материалдары болмаған жағдайда өтінім берушіге қайыра сұрау салу жолданады.

Сараптаманың қайыра сұрауына жауап болмаған жағдайда немесе қайыра сұрауға жауап беруде барлық толық мәліметтері және/немесе құжаттары болмаған жағдайда, сондай-ақ өтінім беруші заңда қарастырылған мерзімді оны ұзарту туралы жазбаша өтінішін тіркемеген жағдайда өтінім қайта қайтарылған болып есептелінеді. Мұндай жағдайда өтінім берушіге өтінімді қайтару және іс жүргізу ді тоқтату (ФТЗ-5) туралы шешім жолданады.

Сараптама талаптарын қанағаттандыратын мәліметтер және/немесе құжаттарды уақытылы тапсырған жағдайда өтінім берушіге өтінімдерді қарауға қабылдау туралы
х а б а р л а м а ж і б е р і л е д і .

Алдын ала сараптаманың соңғы кезеңі хабарлама тапсыру болып саналады, бұдан соң өтінім материалдары толық сараптамаға түседі.

3 . Т о л ы қ с а р а п т а м а

З . 1 . М і н д е т т е р і

Толық сараптама Заңың 14 және 15 баптарында келтірілген қорғау қабілеттілігі жағынан тауар таңбаларына қойылатын өтінімге белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындаиды.

Корғау қабілеттілігі белгісіне тауар таңбалары ретіндегі белгілерді тіркеуге қажетті жиынтық белгілердің заңдылық қасиеті танылады.

Бұдан басқа толық сараптама кезеңінде алдын ала сараптама кезеңінде анықталған мәліметтерді тексеру жүзеге асырылады (мысалы, басымдығын немесе ТҚХЖ жіктелуі дүрystығын тексеру).

3 . 2 . M e p 3 i m i

Толық сараптама берілген күннен бастап 12 ай ішінде жүргізіледі және Қазпатент пен өтінім берушінің арасындағы хаттардың мерзіміне қарай ұзартылуы мүмкін. Егер өтінім берілген белгі сараптамасы басқа белгінің сараптамасына тәуелді болса, онда

сараптама бұрындарғы басымдығы бар өтінім бойынша түпкілікті шешім қабылданғанша тоқтатылады.

3 . 3 . Ш е ш і м і

Сараптама қорытындылары бойынша белгіленген тауар таңбасына қатысты оны тіркеу немесе тіркеуден бас тарту жөнінде шешім қабылданады. Тіркеуден бас тарту туралы шешім кезеңімен алдын ала және түпкілікті шешім түрінде жүргізіледі.

Тіркеуден бас тарту туралы алдын ала шешім белгіленген мерзімде сараптамаға дәлелді наразылықты және/немесе қосымша материалдарды тапсыруға мүмкіндік береді. Соның негізінде сараптама өз шешімін өтінім берушінің пайdasына өзгерте а л а д ы .

Тапсырылған өтінім материалдарын және/немесе мәліметтерді толықтыру немесе анықтау қажет болғанда өтінім берушіге сұрау салу жолданады.

3.3.1. Тіркеу туралы шешім қорғау қабілетті шарттарда белгіленген өтінімге сәйкес сараптама қорытындысы негізінде қабылданады.

Егер айтылған белгі тауарлар тізімінде берілген бөлігіне қойылған талаптарға сай келсе, онда тауар бөлігіне қатысты тауар таңбасын тіркеуге келесі бөлігіне қатысты бас тарту дәлелін келтіре отырып шешім шығарылады.

Егер таңба осы Ереженің 3.4.1. және 3.4.2. тт. көрсетілген белгіні қамтыса олар үстем жағдайға ие бола алмайды - шешім қорғауға қабілетсіз элементтерді қамтиды (дискламирование).

Өтінім берушіге тіркелу белгісі (ФТЗ-6) нысанындағы айтылған тауар таңбасы ретінде тіркеу туралы шешім жіберіледі. Онда төмендегідей мәліметтер келтіріледі:

| | | | | | | |
|-----|-----|-------|------------|----------|-----------|------------|
| 540 | - | тауар | таңбасы | ретінде | тіркелген | белгі |
| 730 | - | тауар | таңбасының | иесі, | оның | мекен-жайы |
| | 210 | - | | өтінім | | нөмірі |
| | 220 | - | | берілген | | уақыты |

310, 320, 330 - бұрын берілген өтінімнің басымдық мәліметтері - тиісті нөмірі, уақыты, өтінім берілген ел*

510, 511 - ТҚХЖ сыныптары бойынша топтастырылған тауар және қызмет көрсету тиізімі

| | | | | | |
|-----|---|-------------|------------|-------------------|----------|
| 526 | - | қорғаудан | шығарылған | элементтер* | |
| 551 | - | таңбаның | ұжымдық | болып табылатынын | көрсету* |
| 554 | - | таңбаның | көлемді | болып табылатынын | көрсету* |
| 591 | - | түрлі-түсті | гамма | көрсеткіші* | |

<*>(Көрсеткіштер тиісті жағдайларда келтіріледі)

Тауар таңбаларын тіркеу туралы шешім халықаралық келісімдер негізінде бұрындары басымдығы бар өтінімдердің Қазпатентке түсуіне байланысты қайта

қаралуы мүмкін. Ол сондай-ақ тауар шыққан жердің атауын тіркеуге байланысты және өзге де қосымша жағдайлар байқалған кезде өз бастамашылығымен қайта қаралуы мүмкін. Тіркеу туралы шешім (немесе бас тарту туралы тұпкілікті шешім) сараптама кеңесінің шешімі негізінде қайта қаралуы мүмкін.

3.3.2. Тіркеуден (алдын ала) бас тарту туралы шешім айтылған белгінің қорғау қабілеті шарттарына сай келмеуі туралы сараптама қорытындысы негізінде қа拜ланаады.

Мұндай жағдайда өтінім берушіге тіркеуден бас тарту туралы белгіленген нысандағы (ФТЗ-7) шешім жіберіледі. Онда Занға, осы Ережелерге және халықаралық келісімдерге негізделген бас тарту себептері келтіріледі.

3.3.3. Бас тарту (алдын ала) туралы шешімге наразылық білдіруді Қазпатент өтінім беруші (өтінім берушінің өкілі) алғанына 2 ай уақыт ішінде тиісті баждары төленген жағдайларда қабылдайды. Баждардың төленгенін растайтын құжаты болмаған жағдайда наразылықты сараптама назарға алмайды. Наразылық беру мерзімін ұзарту өтінім берушінің сұрауы бойынша қосымша баждары төленген жағдайда 6 айдан аспауға тиісті.

Өтінім берушінің қосымша мәліметтері немесе құжаттары тапсырылуын ескере отырып, тауар таңбасын тіркеу туралы шешім шығару кезінде куәлік бергені үшін бажалынбайды, мұнда алдын ала бас тартуға наразылық үшін төленген баждар ескеріледі.

Алдын ала бас тартуға белгіленген мерзімде наразылық тұспеген жағдайда және наразылық мерзімін ұзарту туралы өтініш тұспеген жағдайда алдын ала бас тарту өтінім берушіге қосымша хабарламасыз тұпкілікті болып саналады.

3.3.4. Бас тарту (тұпкілікті) туралы шешімді сараптама өтінім беруші келтірген барлық дәлелдер зерттелгеннен кейін егер олары шешімді өтінім берушінің пайдасына өзгертуге жеткіліксіз болған жағдайда қабылдайды. Бас тарту туралы шешім (ФТЗ-8) бас тарруды алған күннен бастап тиісті баждары төленген жағдайда 3 айдан кешіктірмей Шағым арыз кеңесіне наразылық беру арқылы таласқа түсуі мүмкін.

3.3.5. Сараптама сұрауы өтінім жөнінде тұпкілікті шешім шығару үшін қажетті кез келген мәліметтер мен материалдарға қатысты болуы мүмкін. Тапсырылған құжаттар мен мәліметтердің кез келгенінің дәлелдігіне сараптаманың күмәні туған жағдайларда сараптама өтінім берушіден қажетті айғақтарын талап етуі мүмкін.

Сұрау салу атап айтқанда мыналарға қатысты болуы мүмкін:

- 1) Жетіспейтін материалдар мен мәліметтерді тапсыру немесе оларды түзетуге;

2) жіктелуін өзгертудің қажеттілігі, тауар тізімін анықтау, оны нарықтық
терминдермен таныстыру;

3) тіркеуді өз атына жасаған жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүзеге
асыруының дәлелі;

4) Егер сараптау қорытындысында ТҚХЖ қосымша сыныптары анықталса
жетіспейтін баж сомасын төлеу;

5) егер сараптамада шешімді өтінім берушінің пайдасына шешуге мүмкіндік беретін
жағдайларға негіз болса, іздестіру және қарсы қою белгілері нәтижесінде
анықталғандарға қатысты өтінім берушінің пікірі және т.б.

3.3.6. Сараптаманың сұрау салуына жауап Қазпатентке оны алған күннен бастап 2
айдан кешіктірілмей жолдануға тиіс. Егер жауапта сараптама талап еткен мәліметтер
мен құжаттар болмаса, өтінім берушіге қайтадан сұрау салынуы мүмкін. Талап етілген
материалдар занда белгіленген мерзімде тапсырылмаса, өтінім қайтарып алынған
болып табылады, бұл туралы өтінім беруші жазбаша нысанда хабардар етіледі. Жауап
қайтаруға белгіленген мерзімдер өтінім берушінің өтініші бойынша 6 айға дейінгі
уақытқа тиісті баждары төленгеннен кейін ұзартылуы мүмкін.

3.4. Тауар таңбасы ретіндегі белгіні тіркеуден бас тартуға толық негіз бойынша
тексеру өнеркәсіп меншігін қорғау саласындағы халықаралық келісім және Заңның 14
бабы негізінде жүзеге асырылады.

3.4.1. Көрсетілген белгілерде мемлекеттік нышандарды пайдалану - елтаңбаларды,
жалаулар мен әмблемаларды; халықаралық үкіметаралық үйымдардың қысқартылған
немесе толық атауларын; ресми бақылауды, кепілдік және сынақтық клеймалар, мөрлер
, марапаттар және басқа да айырым белгілері (немесе соларға ұқсас ауыспалы
дәрежедегі) - тауар таңбасы ретінде тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

Мұндай белгілер егер олар белгі құрамында жалғыз болып табылмаса және егер
оларды пайдалануға тиісті құзыретті органның немесе олардың иесінің келісімі болса
таңбада қорғалмайтын элементтер ретінде жүруі мүмкін.

Сараптама жүргізуге арналған анықтамалық ЗМДҰ белгіленген Париж
конвенциясының 6 бабының күшімен қорғалатын анықтамалық қордың материалдары,
сондай-ақ басқа да анықтамалық-ақпараттық материалдар болып табылады.

3.4.2. Айыру қабілеттілігі солар үшін пайдаланылатын тауарлар мен қызмет
көрсетулерге тікелей сипаттама және/немесе ассоциативтік байланысты емес

Айырым қабілеттігінің жоқтығы мынадай жағдайларда белгіленеді:

- белгі толық графикалық бейнені көрсетпейді, мысалы үшін, өзара композициялық байланыспаған және танымның жинақтық жаңа деңгейін бере алмайтын жекелеген сзықтар, қарапайым геометриялық фигуralар;

- сөздік сипаты жоқ белгілер, үштен кем емес жекелеген тілдік комбинациядан тұрады (әріптер және/немесе цифрлар);

- белгілері тауарлардың шынайы немесе долбарлы кескіндемесі болып келеді, оларға қорғау талап етілетін;

- белгілері үш өлшемді объект болып келетін, нысандары төтенше қызметтік бағыт пен белгіленетін;

- белгілері жалпыға ортақ нышандық немесе терминдік болып табылады (яғни, нышандық сала, іс-әрекет түрлері; ғылым мен техникада қолданылатын шартты белгілер, сондай-ақ ғылым мен техникалық жекелеген салаларына тән лексикалық бірліктер) көрсетілген тауарлар және/немесе қызмет көрсетулерге қолданылатын;

- белгілері тауар атаулары болып табылады, тегін, түрін, сапасын, санын, қасиетін, бағытын, тауар құнын, сондай-ақ оның шығарылған жері мен уақытын көрсетеді.

Жарнамалық және мақтау сипатындағы белгілер айырымдық қабілетке ие бола алмайды.

Құрылымдық жүйесі күрделі сөздер егер әрқайсының айырымдық қабілеті болмаса, ал жасанды сөз құрылымы қосымша мән иеленбесе, айырымдық қабілетке ие бола алмайды.

Осы тармақта көрсетілген белгілер мәндік және кеңістіктік маңызына қарай айқындалатын басым жағдайда болмаса тауар таңбаларына қорғалмайтын элемент есебінде кіре алады.

Сараптама жүргізу кезінде жалпы (энциклопедия) және арнаулы сипаттағы (анықтамалықтар) анықтама әдебиеттері, сондай-ақ монографиялар мен ғылыми мақалалар пайдаланылады.

3.4.3. Жалған немесе тұтынушыны тауар немесе оны шығарушы халқында жаңылыстырып жіберуге қабілетті белгілер деп Заңның 14 бабының 3 т. бойынша тұтынушы санасына тауардың сапасы, оны шығарушы немесе шыққан жері жайында шындықпен үйлеспейтін түсінік туғызуды атайды.

Егер бір ғана элементі жалға немесе жаңылыстыратын болса ондай белгі жалған немесе жаңылыстыратын белгі болып табылады.

3.4.4. Қоғамдық мұдделерге, ізгілік және мораль принциптеріне қайшы деп Заңның 14 бабының 3 т. бойынша әдепсіз мазмұндағы, ізгілікке қарсы сипатты, адамдық қасиетті, ұлттық және діни сенімді қорлайтын белгілер танылады.

Егер көрсетілген белгіде 3.4.3. және 3.4.4. тт. көрсетілген белгінің біреуі байқалса немесе осы Ереженің 3.4.1. т. көрсетілген белгілерден тұrsa онда сараптама оны тауар таңбасы ретінде тіркеуге болмайтыны жөнінде қорытынды шығарады.

3.4.5. Өнеркәсіп үлгілерін шығаратын белгілер егер олар өнеркәсіп үлгілері ретінде үшінші жақтың атына қорғауға ие болса, немесе үшінші жақтың атынан Қазпатентке бұрынғы басымдығымен өнеркәсіп үлгісіне ұқсас өтінім берілсе, онда тауар таңбасы р е т і н д е т і р к е л м е й д і .

Қазпатентке өтінім берілген және тіркелген өнеркәсіп үлгілерінің қорынан іздестіру ж ү р г і з і л е д і .

3.4.6. Жалпыға белгілі белгілер болып фирмалық атаулар мен тауар таңбалары тауар таңбасы ретінде тіркелгеніне қарамастан Қазақстанда кеңінен таралуына байланысты аты кеңінен жайылған тауарлар және/немесе жарнамалар, сондай-ақ олар марқілеген т а у а р л а р т а н ы л а д ы .

Мұндай белгілерді тіркеуден бас тартуға Заңның 15 бабынан басқа Париж конвенциясының 6 bis және 10 bis баптары негіз болып табылады.

Сараптама тауарлар және/немесе қызмет көрсетудің кез келген түрлерін белгі ретінде үшінші жақтың атына жалпыға белгілі таңбаны тіркеуден егер ол жалпыға белгілі таңба беделін теріс ниетпен немесе тауар сапасы немесе шыққан жері хақында тұтынушыны жаңылыстыру үшін пайдаланады деп таныса бас тартуға құқылы.

Белгіні жалпыға белгілі деп тану туралы мәселені шешу үшін сараптама қоғамдық пікір сұралымын назарға алуды мүмкін.

Сондай-ақ мерзімі, аумақтық таралымы, тауар тұтынушылар категориялары, тауар таңбасының құндық бағалануы, жарнамаға кеткен шығыны сияқты факторлар және т.б. е с к е р і л е д і .

3.4.7. Тауар таңбаларында белгілі адамдардың аттарын, фамилияларын, жасырын аттарын, портреттерін пайдалануда мүліктік емес жеке құқылықтарын бұзудан аулақ болу үшін осы кісілердің немесе олардың занды мұрагерлерінің жазбаша рұқсатын алу к е р е к .

Егер бұл белгілер Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің игілігі болып табылса, оларды тауар таңбасы ретінде пайдалану үшін міндетті түрде Үкіметтің рұқсатын алу к е р е к .

Фамилияны тауар таңбасы ретінде пайдалануда мүліктік емес жеке құқылықты бұзудың болмауы, мысалы үшін, телефон анықтамалығында фамилияның 20 реттен астам айтылуы болып табылады.

3.4.8. Белгілі әдебиет және өнер шығармаларының, өнер туындылары немесе олардың фрагменттерінің аттарын пайдалану авторлық құқықты бұзбау болуы мүмкін.

3.4.9. Графикалық атаулар немесе өтінім берушінің тұратын орны хақында тұтынушыны жаңылыстыратын географиялық атаулар кіретін, сондай-ақ үшінші жақтың құқығына нұқсан келтіретін бір иенің атына тіркелетін таңбалар тіркелмейді.

Географиялық атаулар түрінде белгіленген өтінім берілген тауарлар хақында қиялдық сипат алатын тауарлар таңбада қорғалмайтын элементтер есебінде жүргуі мүмкін.

Қазақстанда үшінші жақтың атына тауар шыққан жер атауларымен тіркелген ұқсас немесе аралас дәрежедегі белгілер тауарлардың кез келген сыныбына қатысты тіркелмейді. Тауар шыққан жер атаулары тауар шыққан жердің осы атауын пайдалану құқығы бар адамның тауар таңбасына қорғалмайтын элемент есебінде кіргізілуі мүмкін.

Шыққан жерінің атаулары тіркелген қор бойынша іздестірулер жүргізіледі.

3.4.10. Сертификаттық таңбалар белгіленген тәртіппен тіркелген сапаға сәйкес таңбалар тауар таңбасы сапасын тіркеуге жатпайды.

3.5. Үйлестігі мен ұқастығы белгісін тексеру Заның 15-бабының 1 т. негізінде жүзеге асырылады.

Барлық элементтері бір-бірімен ұқсас келетін белгілер ұқсас деп танылады.

Жекелеген элементтердің айырмашылығына қарамастан тұтынушыға ұқсас сияқты көрінетін белгілер үйлес деп танылады.

Іздестірүлөр:

- Қазақстанда бұрындары тіркелген және тіркеуге өтінім берілген белгілер арасынан;

- халықаралық шарттарға байланысты Қазақстанда тіркеусіз қорғалатын үшінші жақтың таңбасы ескеріле отырып;

- тауар шыққан жер атауларын бұрындары тіркелген және тіркеуге өтінім берілгендер арасынан;

- бұрындары Қазпатентте тіркелген немесе тіркеуге берілген өнеркәсіп ұлгілері арасынан жүргізіледі.

Ұқастық пен үйлестікті тексеру кезінде төмендегідей әрекеттер жүзеге асырылады:

- ұқсас және үйлес белгілерді іздестіру жүргізіледі;
- көрсетілген және анықталған белгілердің үйлестік дәрежелері айқындалады;
- анықталған ұқсас немесе үйлес белгілердің тіркелген тауарларына өтінім берілген тауарлардың биртектілігі айқындалады.

Мұндай жағдайда Заның 23 бабына сәйкес тіркеу әрекеті тоқтатылған күннен бастап 3 жылдық мерзімі бітпеген таңбалар, сондай-ақ тіркеуден бас тартылған және

қарсы дау шешімінің мерзімі өтпеген таңбалар назарға алынады.

3.5.1. Сөздік белгілердің ұқсастығы тәмендегідей жолдармен айқындалады:

- сөздік белгілерімен;

- құрамына сөздік элементтер енетін қоспа белгілерімен.

Сөздік белгілердің ұқсастығы дыбыстық (фонетикалық), географиялық (көзбен шолынатын) және мәндік (семантикалық) болуы мүмкін.

3.5.1.1. Дыбыстық (фонетикалық) ұқсастық тәмендегідей белгілерінен айқындалады

- бұын санынан;

- дыбысталуы және әріптері мен дыбыстарының сәйкес келуі жөнінен;

- ұқсас дыбыстарының жақындығынан;

- ұқсас буындары және олардың орналасуынан;

- белгі құрамында дыбыс үндестігінің ұқсас орнына;

- дауыстылар құрамының жақындығынан;

- дауыссыздар құрамының жақындығынан;

- белгілер бөлшектерінің ұқсастық сипатынан;

- екпін түсүінен және т.б.

Бұл сипаттамалардың әрқайсысы жекеше де, сондай-ақ әрқиылды бірлікті олардың айқындаушы маңызына байланысты дыбыс бейнесін жасауда және тұтынушының қабылдауында да ескерілуі мүмкін.

Автоматтандырылған іздестіру бейнесін қалыптастыруды сарапшы тәмендегідей жолмен жүзеге асырады:

- 1) сөздік бірлік тұстастығымен;

- 2) белгінің транслитерациясы (кириллица-латиница);

- 3) нышандардың шексіз санын сол мен ондан нөлдеу;

- 4) дербес мәнді маңызы бар сөздің жекелеген бөліктерін тексеру;

- 5) әрбір буынды жүйелі нөлдеу;

- 6) дауысты дыбыстарды фонетикалық эквивалентімен алмастыру;

- 7) дауыссыз дыбыстарды фонетикалық эквивалентімен алмастыру;

- 8) дауысты дыбыстарды нөлдеуді еселеу;
- 9) дауыссыз дыбыстарды нөлдеуді еселеу;
- 10) әрбір еселенген әріпті біреумен алмастыру;
- 11) әріптер және әріп тіркестерін олардың фонетикалық эквиваленттерімен және басқа да модификациялармен жүйелі ауыстыру.
- Сөздегі жағдайына қарай эквиваленттерге, мысалы үшін, мыналар танылуы мүмкін:
- | | | | |
|-----|-----------|----------------|-----------------|
| қаз | графикасы | орыс графикасы | латын графикасы |
| | | | - |
| | | | i |

A

Ш - Ж

S H - S C H - J - G

Т - Д

T - D - G H T - T H

С - З - Ц

S - C - Z - S S

К - Г - Х

K - G - H

В - Ф

Y - F - P H - F F - W

П - Б

P - B

Ч - Ш

C H - T C H

Ү - Ю

U - O O - Y O U - O U

Е - И

E - Y E E - E A - I

A - Я

O - У

M - Н

Атап өтілген белгілердің әрқайсысы жеке де, сондай-ақ әртүрлі байланыста да ескерілуі мүмкін.

Иероглифтерді, араб және басқа да графикаларды пайдалануда транслитерациясы қоса жүргүре тиіс. Мұндай жағдайда іздестіру графикалық бейне және транслитерациясы бойынша жүргізіледі.

3.5.1.2. Сөздік белгілердің графикалық (көзбен шолу) ұқсастығы төмендегідей негіздерде айқындалады:

- жалпы көрү әсерімен;

- қарып түрімен;

- жазу тәсілімен, оның ішінде әріптер мен әліби орналасуымен;

- түрлі-түсті және түрлі-түсті байланыста;

Іздестіру сөздік сипаттамасы бар сөздік және графикалық белгілерінің арасынан жүргізіледі.

3.5.1.3. Мәндік (семантикалық) ұқсастық қазақстандық тұтынушы қабылдауына төмендегідей айқындалады:

- түсініктің ұқсастығы;
- түсінікті керегарлығы;

Қисындық екпін түсетін және дербес маңызға ие белгілер элементтерінің бірінің ұқсас келуі ескеріледі.

3.6. Бейнелік және көлемдік белгілердің ұқсастығы төмендегі белгілері бойынша айқындалады:

- сыртқы пішіні;
- симметриясының барлығы яки жоқтығы;
- бейнелеу түрі мен сипаттамасы;
- түстік байланысы.

Түсті және түстік байланысы тауар таңбасының жалғыз белгісі болып табылмайды, оның қосымша белгісі болып саналуы мүмкін.

Автоматтандырылған бейне іздестіруді қалыптастыру графикалық элементтердің халықаралық жіктелуін пайдалана отырып, градацияның алғашқы екі деңгейімен жүзеге асырылуы мүмкін. Издестіруді төмендегі сызба бойынша жүзеге асыру ұсынылады:

- бейнелеу таңбасында басым түсетін геометриялық фигуralар;
- жекелеген әріптер мен цифrlарды қоса отырып басым түсетін бейнелік фигуralар;
- басым элементтер жиынтығы;
- өтінім берілген композицияда басымдық жағдайға ие емес, бірақ композициялық аяқталуы бар бейнелеу;
- этикеткалар негізгі элементтері бойынша іздестіруден өзге 2.5.1. индексі бойынша тексеріледі.

Іздестірулер графикалық элементтер кіretін бейнелік, құрама белгілердің арасынан, сондай-ақ көлемді таңбалардың арасынан жүргізіледі.

3.7. Құрама белгілер тұтастай құрама белгілерінің, сондай-ақ оның жекелеген сыңарларының ұқсастығын зерттейді. Жекелеген сыңарларының (көздік, графикалық) араласу дәрежесіндегі ұқсастығы немесе үйлестігі анықталған жағдайда құрама белгілерді тіркеуден тұтастай бас тартылады.

3.8. Тауарлардың біртектілігін айқындау "қорғау қабілеттігі" белгісін тіркеуге өтінім берілуге сәйкестігін анықтау мақсатымен жүзеге асырылады.

Біртекті тауарлар бір ғана функцияны атқаратын, бір ғана текке (түрге) кіretін, оларды ұқсас және үйлес таңбалармен маркалаған кезде тұтынушыға бұлар бір ғана

өндірушіден шыққандай әсер қалдыратын тауарлар болып табылады.

Тауарлардың біртектілігі келесі белгілеріне: тегіне (түріне), бағытына, өткізу жағдайына, тұтынушылар ортасына қарай айқындалады.

Тауарлардың біртектілігін анықтау кезінде өтінімде көрсетілген тауар тізімімен үқсас немесе үйлес тауар таңбаларының тіркелген немесе тіркеуге өтінім берілген тауарлар тізімін салыстыру жүргізіледі.

Тауарлар ТҚХЖ бір сыныбына жататын болғандықтан ғана үйлес болып саналмайды, ал әртүрлі сыныптарға жатуы оның әртектілігіне дәлел болып та б ы л м а и д ы .

Осылайша ТҚХЖ 25 сыныбына енгізілген киімдер мен аяқ киімдер, функциональдық бағытына байланысты 10,21 және 9 сыныптарға жататын биалайлар бір текті емес тауарлар болып танылады.

Біртекті тауарлар/қызмет көрсетулер кіретін корреспонденттік сыныпқа мысалы үшін, төмендегілерді есептеуге болады:

1 және 5 - ауылшаруашылығына арналған химиялық өнімдерге және ауылшаруашылығындағы зиянкестерді жоюға арналған құралдарға қатыстылар

3 және 5 - косметикалық құралдар мен дезодоранттарға қатыстылар

16 және 41 - баспа өнімдері және баспа өнімдері басылымына қатыстылар

25 және 40 - киім және киім-кешек тігуге қатыстылар және т.б.

4. Баждар төленуін тексеру

Баждар төленуін тексеру алдын ала және толық сараптама кезеңдерінде баждар төленуі тәртібі туралы Ережеге сәйкес мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- баждар төленгенін растайтын құжаттардың бар екендігін және шынайылығын тексеру мен ;

егер ол болмаған немесе мерзімінде түспеген жағдайда өтінім шақыртып алған болып саналады, ол туралы өтінім берушіге жазбаша нысанда хабарланады. Өтіп кеткен мерзім орнын толтыруға жатпайды.

- өтем құжаттарында көрсетілген реквизиттердің дұрыстырын тексеру.

Қате байқалған жағдайда өтінім берушіге өтемін көрсетілген реквизитке сәйкес жүргізуге ұсыныс жасалған сұрау салу жолданады.

- өтем сомасын тексеру

өтінім бергені үшін баждар туралы ережемен бекітілген соманың жетіспейтіні анықталған жағдайда өтінім берушіге қосымша төлем жасау жөніндегі ұсыныспен тиісті сұрау салу жолданады.

Өтінімдегі барлық сыныптар бойынша сараптама жүргізгені үшін баждар туралы бекітілген ережелермен сома жетіспеушілігі байқалған жағдайда өтінім берушіге жетпейтін соманы төлеу ұсынылған тиісті сұрау салу жіберіледі. Тиісті қосымша төлемді куәландыратын төлемдік құжат тапсырылмаған жағдайда сараптама егер өтінім берушіге жіктелу жөнінде оны азайту жағына қарай өзгертуді сұрамаған жағдайда

баждың төленген сомасына сәйкес өтінімде алғаш көрсетілген сыныпқа қатысты жүргізіледі.

- баждар төленетін мерзімдерді тексеру

Баж төлеу 2 ай мерзім өткеннен кейін (бірақ 6 ай кешіктірмей) төленген жағдайда, өтінім сұраушыға (п. 17 Баждарды төлейтін тәртіптің бойынша) қосымша баж төлеу ұсынылады. Өтінім жөніндегі іс жүргізу мүндай жағдайда қосымша баждар төленгенше тоқтатыла

тұрады.

5. Өзгертулер, толықтырулар, анықтаулар немесе түзетулер

Іс жүзінде өтінімді өзгертпейтін түзетулер өтінім материалдарына оны берген күннен бастап екі ай ішінде өтінім берушінің жазбаша өтініші бойынша баж төлемінсіз енгізілуі мүмкін. Осы мерзім өткен соң осындай өзгертулер тиісті баж төлемін кейін енгізіледі. Іс жүзінде өтінімді ауыстырмайтын өзгертулерге мыналар жатқызылады:

- егер өтінім беруші бұрынғы болып қалса, өтінім берушінің атауы мен мекен-жайын сараптаманың кез келген кезеңінде өзгерту;

- жалпы қабылдауға ықпал жасамайтын (көзben шолу немесе фонетикалық бейне) және өтінім берушілердің құқығына нұқсан келтірмейтін кешірек берілген таңбалар бойынша өтінім берілген немесе тіркелген белгілерді өзгерту;

- біртектілік жағдайында мәлімделген сыныптар арасындағы тауарлар тізімін

өзгерту.

Егер өтінім берушінің аты мен мекен-жайын өзгерту контракт жасау нәтижесі болып табылса, өтініште бұрынғы өтінім берушінің аты, жаңа өтінім берушінің аты көрсетіледі, сондай-ақ олардың ортақ келісімге келу фактісі расталынады. Мұндай өзгертулер енгізу қорғау құжатын алуға құқық беру туралы өтініш үшін баж төлеміне

ұласады.

Мәлімделген белгіні айтарлықтай өзгерту немесе ТҚХЖ сыныптары ұлғаюымен тауарлар тізімін кеңейту, сондай-ақ сыныптардың алғашқы өтінім материалдарының ішінде көрсетілген біртекtes емес тауарлар сараптамада айтарлықтай өзгертулер болып саналады.

Өтінім берушіге мұндайда дербес өтінім ресімдеу ұсынылады.

5.1. Өтінімді бөлу өтінім берушінің сұрауы бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін оны қарау мен наразылық білдірудің кез келген кезеңінде алғашқы өтінімде келтірілген тауарлар және/немесе қызмет көрсетулерді бөлу жолымен іске асырылады. Бөлінген өтінімдер алғашқы өтінім берілген уақытын, сондай-ақ қосымша кодты

нөмірін

сақтайды.

5.2. Тіркеуді бөлу иесінің сұрауы бойынша тауар таңбасының тіркелуіне қатысты тауарлардың тіркелуі арасында бөлу жолымен жүргізіледі. Бұл сондай-ақ тауарлар және/немесе қызмет көрсетулердің бір белгіне қатысты тіркеуді заңсыз деп танылған жағдайда да жүргізіледі. Тіркеуді бөлу туралы жазба Мемлекеттік тізбеке түсіріледі. Тіркеу номіріне мұндайда код қосылады.

5.3. Тауар таңбасын тіркеуге өтінімнің ұжымдық таңбасын тіркеу өтініміне айналдыру осы бірлестікке кіретін және өтінім берген адамдардың бірінің сұрауы бойынша, басқа өтінім берушілердің келісімімен ол жөнінде шешім қабылдағанға дейін сараптаманың кез келген кезеңінде жүзеге асырылады.

Тауар таңбасын тіркеуге өтінім ұжымдық таңбаны тіркеуге өтінімге айналдыру сараптаманың кез келген кезеңінде ол жөнінде өтінім берушінің атынан өтініш және Заңың 7 бабында қарастырылған Жарғы тапсырылуы жолымен іске асырылуы мүмкін.

6. Жауап беру мерзімін ұзарту

Сұрау салуға жауап беру мерзімін ұзарту Қазпатентке түскен өтінім берушінің жазбаша сұрауы бойынша осы Ережеде белгіленген жауап беру мерзімінен кешіктірмей тиісті баждары төленген жағдайда жүзеге асырылады. Жауап беруді ұзартудың ең ұзақ мерзімі - 6 ай.

7. Өтіп кеткен мерзімдерді қалпына келтіру

Заңың 12 бабына сәйкес мерзімді қалпына келтіру өтіп кеткен мерзімнің себептері көрсетіліп, мерзім өткеннен кейін 2 айдан кешіктірмей берілген өтінім берушінің өтініші бойынша жүргізіледі. Егер көрсетілген себептер сараптамаға жеткіліксіз болып көрінсе, ол өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруден бас тарта алады.

Өтінім берушінің өтінішіне тиісті баждың төленгенін растайтын құжат қоса тіркеуге тиіс.

Баж төлеуге байланысты әрекеттерге осы пункт қолданбайды.

8. Өтінімді қайта шақырып алу

Өтінімді қайта шақырып алу өтінім берушінің сұрауы бойынша сараптаманың кез келген кезеңінде тіркеу күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ сараптама шешімі негізінде өтінім берушінің сұрау салуға жауабы заңмен белгіленген барлық мерзімді бұзған жағдайда жүргізілуі мүмкін. Шақырып алынған өтінім бойынша зангерлік маңызды әрекеттер жүргізілмейді. Басқа өтінімдерді сараптау кезінде ол назарға алынбайды.

Өтінімді шақырып алу туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап өтінім шақырып алған болып саналады, өтінім берушіге он күн ішінде жіберіледі.

9. Тіркеу қызметі мерзімін ұзарту

Тауар таңбасын тіркеу қызметінің мерзімін ұзарту иесінің Қазпатентке куәліктің қызмет мерзімі өтпей тапсырылған жазбаша өтініші бойынша (тиісті баждары төленген жағдайда) жүргізіледі. Бұл мерзім қосымша баж төленген жағдайда 6 айдай уақытқа

Тауар таңбасын тіркеу қызметінің ұзартылуы туралы жазба Мемлекеттік тізімге және тауар таңбасы иесінің сұрауы бойынша күәлікке түсіріледі. Тіркеу әрекеті мерзімін ұзарту туралы мәлімет Патент ведомствосының ресми бюллетенінде жарияланады.

10. Т і р к е у д і ж о ю

Тауар таңбасы тіркелуін жою төмендегілерге байланысты жүргізіледі:

- оның қызмет мерзімінің тоқтатылуымен;
- құзыретті органдардың шешімі негізінде (Шағым-арыз кеңесі немесе сот органдары);
- Заңдың 28 бабына сәйкес тіркеу заңсыз деп танылған жағдайда;
- заңды тұлғаны жою кезінде немесе егер үшінші жақтың өтініші бойынша заңды мұрагері болмаған жағдайда заңды тұлға практикалық қызметін тоқтатқан жағдайда;
- тауар таңбасы иесінің өтініші негізінде.

Тауар таңбаларының Мемлекеттік тізіліміне жойылуы туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап тіркеу жойылды деп есептеледі.

Тіркеудің жойылуы туралы Қазпатенттің ресми бюллетенінде жарияланады.

Осы ереже ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.